

**«Visa-мен жасалған әрбір сауда — Enrique Iglesias-тың концертіне апарар жол»
(бұдан әрі - Науқан) науқанын өткізу қағидасы және оған қатысу шарттары**

1. Науқанды ұйымдастырушы - "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі – Банк).

2. Науқанның операторы – Visa халықаралық төлем жүйесі (бұдан әрі – Оператор);

3. Науқанның қатысушылары:

• Банк шығарған Visa төлем карточкаларының иелері болып табылатын Банк клиенттері - жеке тұлғалар (бұдан әрі - Қатысушы).

4. Жұлделерді беру мерзімін қоса алғанда, Науқанды өткізудің жалпы мерзімі - 2026 жылғы "22" маусымнан бастап 2026 жылғы "12" тамызға (осыны қоса алғанда) дейін;

Науқан қатысушысы атануға мүмкіндік беретін төлемдерді жасау кезеңі: 2026 жылғы «22» маусымнан бастап 2026 жылғы «31» шілдеге (осыны қоса алғанда) дейін (бұдан әрі – Науқан кезеңі);

5. Науқанға келесілер қатыспайды:

• Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар, аффилирленген тұлғалар, Науқан іске қосылған сәтте он сегіз жасқа толмаған тұлғалар, Банк қызметкерлері, Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) нерезиденттері, соның ішінде ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар қатыса алмайды.

6. Жүлде қоры: Астана қаласында 03.09.2026 ж.өтетін Enrique Iglesias-тың концертіне билеттер:

• билеттер саны - 30 дана (әр жеңімпазға 2 билеттен жалпы 15 жеңімпаз).

7. Науқан ҚР барлық аумағында қолданылады.

8. Науқан механизмі:

– Науқанға қатысу үшін науқанның бүкіл кезеңінде Банк шығарған Visa төлем картасымен Apple Pay, Samsung Pay, Google Pay, Garmin Pay электрондық әмияндарының аталған түрлерінің бірін пайдалана отырып, ұялы телефонмен немесе смарт-сағатпен бүкіл әлем бойынша ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарлар және/немесе қызметтер ақысын төлеу бойынша жиынтығында 200 000 (жүз мың) теңгеден кем болмайтын сомаға қолма-қол ақшасыз төлем (дер) жасау қажет, бұл ретте аталған қатысушы жүлдені ұтып алудың 1 (бір) мүмкіндігіне ие болады. Қатысушы сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден бірнеше рет сауда жасаған жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігінің саны пропорционалды түрде артады. Төлем картасы бойынша транзакциялардың жиынтық сомасының әрбір 200 000 (екі жүз мың) теңгесі үшін ұтыс ойынына Қатысушылар тізімінде Қатысушыға қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады;

- жүлдені жеңіп алған жеңімпаздарды Банк Қағида шарттарын толық орындаған Науқанға қатысушы санынан анықтайды (негізгі және резервтік). Жеңімпазды анықтау www.random.org. арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, әр Қатысушыға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Банк әр жүлде үшін негізгі және екі резервтік жеңімпаздарды таңдайды.

Ұтыс ойынын тікелей эфирде Банктің @eurasianbank әлеуметтік желісіндегі Instagram-дағы ресми аккаунтында 2026 жылы 7 тамыз күні Астана қ. уақыты бойынша сағат 16.00-де көрсетіледі;

- ұтыс жеңімпаздары Банктің Instagram әлеуметтік желісіндегі @eurasianbank ресми аккаунтында тікелей эфирде сайт арқылы реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы анықталады <https://www.random.org/>;

-жеңімпаздарға ұтыстары туралы телефон арқылы хабарланады. Науқан жеңімпаздарының билеттері қабылдау-тапсыру актілері бойынша табыс етіледі;

- егер жеңімпаздар Банк хабарламасына 1 (бір) жұмыс күні ішінде (3 телефон қоңырауы) жауап бермеген жағдайда немесе жүлдеден бас тартқан жағдайда, Банк бірінші резервте тұрған жеңімпазға хабарласады, бірінші резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған жағдайда немесе ол жүлдеден бас тартқан жағдайда, екінші резервтік жеңімпазбен байланысқа шығады.

- Қағиданың 6-тармағында көзделген жүлделерді алу үшін жеңімпаз Банктен ұтыс туралы телефон қоңырауын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде телефон қоңырауы кезінде Банк ұсынатын электрондық пошта мекенжайына мынадай құжаттарды жолдауы (ұсынуы) тиіс:

- ЖСН міндетті түрде көрсетілген (аты мен тегі Картаны алған кезде банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс) жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жағынан).

9. Науқанға қатысу ерікті (келісіммен) түрде жүзеге асырылады және Банк пен Оператор қатысушының дербес деректерін Науқан қағидасында көзделген тәртіпте кез келген тәсілмен өңдеуімен келіскен қатысушының саналы түрде берген келісімі болып табылады.

10. Науқан қағидасының мақсаттары үшін дербес деректер деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілі бір немесе белгіленетін жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама түрде қатысты кез келген ақпарат түсініледі

11. Банк пен Оператор:

- пошта жөнелтілімдерін, Науқан жүлделерін алу үшін қажетті мәліметтерді/құжаттарды алмағаны/уақтылы алмағаны, сондай-ақ Банкке байланысты емес кез келген себептер бойынша жеңімпаздың жүлдені алуы мүмкін болмаған жағдайлар үшін;

- Науқан қатысушыларының осы Қағидада көзделген міндеттерді орындамағаны (уақтылы орындамағаны) немесе Науқан қатысушыларының Банктің eubank.kz сайтындағы Акция туралы ақпаратпен танысу мүмкіндігі болмағаны үшін;

- Науқан жеңімпаздары Банк пен Оператор өкілдерінің телефон қоңырауы арқылы деректерді жинау кезінде көрсеткен мәліметтерінің, байланыс және өзге де ақпараттарының дұрыстығы, дәлдігі мен шынайылығы үшін, сондай-ақ осыған байланысты Науқан қатысушыларымен олар көрсеткен байланыс телефондары бойынша байланысу мүмкін болмағаны, сонымен қатар қатысушылардан алынған ақпаратты Науқан мақсаттарында, соның ішінде жүлделерді табыстау мақсатында пайдалану мүмкін болмағаны үшін, бұған қоса Банк пен Операторға байланысты емес өзге де себептер үшін;

- қатысушылардың Науқанға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық жарақаттары үшін жауапты емес.

12. Банк пен Оператор жеңімпаздардың алған жүлделерін одан әрі пайдаланғаны үшін жауапты болмайды.

13. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің Науқан жөніндегі шешімдері нақты болып табылады да, оған шағымдануға рұқсат жоқ.

14. Банк Астана қаласында өтетін Enrique Iglesias концертінің билеттерін табыстайды. Жеңімпаз басқа қалада немесе елде болған жағдайда, оның Астана қаласына дейінгі және қаласынан қайтудағы жол шығындарын жеңімпаз дербес түрде өз мойнына алады.

15. Қатысушы құқылы:

- Банктің ресми сайттарында Науқанды өткізу мерзімдері мен талаптары туралы ақпарат алу;
- Банк пен Науқан операторы туралы мәліметтер алу;
-

осы Қағидаларға сәйкес Науқан жеңімпазы деп танылған жағдайда Науқан жүлделерін беруді талап етуге құқылы.

- Науқан қатысушысының міндеттері:

- Науқан қағидаларының осы шарттарын сақтау, соның ішінде Науқанға қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді Науқан қағидаларының осы шарттарында белгіленген мерзімдерде орындау;
- Науқанға қатысуға және жүлделерді алуға байланысты барлық шығындарды, соның ішінде интернет, телефон және өзге де шығындарды (бірақ олармен шектелмей) дербес өз мойнына алу;
- осы Қағидаларда және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындау.

16. Банк пен Оператордың құқықтары:

- Банк Науқанды өткізу кезеңі ішінде науқанның осы шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Бұл ретте кез келген өзгерістер туралы ақпарат Банктің eubank.kz ішкі порталында орналастырылады;
- осы Науқан қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Науқанға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе кез келген басқа байланыстарға түспеу;
- Осы Науқан қағидасында көзделген жағдайларда Қатысушылардан қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ұсыну үшін өзге де құжаттарды сұрату;
- Науқан жеңімпаздары кез келген себептер бойынша Жүлделерді алудан бас тартқан жағдайда, Науқан жүлделері иелерінің жалпы санын азайту. Бұл ретте аталған Жүлделер Науқан аяқталғаннан кейін берілмейді және оларды Банк өз қалауы бойынша пайдаланады;
- Науқан қатысушысы тарапынан Науқанның осы Қағидасын сақтамау фактісі анықталған жағдайда, оған жүлдені беруден бас тарту.

17. Банк пен Оператордың құқықтары:

- Науқан қағидаларының осы шарттарын сақтау, соның ішінде Науқанды өткізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді Науқан қағидаларының осы шарттарында белгіленген мерзімдерде орындау;
- осы Қағидаға сәйкес Науқанды өткізуді қамтамасыз ету;
- Науқан жеңімпаздарына осы Науқан қағидасының 6-тармағында көзделген жүлделерді табыстау;
- Науқан қағидасын Банктің eubank.kz ресми сайтында орналастыру арқылы Науқан қатысушыларын оны өткізу қағидалары туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

- жүлделерді беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылар алатын жүлделерге салықтардың төленуін қамтамасыз ету

18. Банк пен Оператор келесі операцияларды Науқанның мақсаттары ретінде есепке алмайды:

- осы Науқан қағидасының 8-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін Қатысушылар жасаған операциялар;
- осы Науқан қағидасының 4-тармағында көзделген Науқан кезеңінен тыс уақытта жасалған операциялар.

19. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы осы Науқан қағидасымен толық танысқанын және онымен келісетінін растайды, атап айтқанда, төмендегілермен шектелмей, мыналарға :• Қағидаға сәйкес Банк пен Оператордың дербес деректерді жинауына және өңдеуіне;• осы Науқанды өткізуге байланысты Банк пен Оператордан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардан ақпараттық СМС-таратылымдар алуға өз келісімін береді.

-
-

20. Операторы ҚР Салық кодексіне сәйкес жүлделерге (ЖТС 10%) салық төлейді және Науқан жеңімпаздарына қатысты салық агенті болады.

21. Банк пен Оператор Науқан қағидасымен заттай нысанда белгіленген жүлделер құнының ақшалай баламасын төлемейді, сондай-ақ жеңімпаздардың қалауы бойынша жүлделерді ауыстырмайды. Жеңімпаз (дар) Жұлдені алудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Жеңімпазға қандай да бір ақшалай қаражат/өтемақы төлеуі жүзеге асырылмайды.

22. Банк пен Оператор бір жақты тәртіпте және себептерін түсіндірмей кез келген уақытта келесі тұлғаларды:

- Жұлделерді тапсыру үшін осы Қағидада белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған;
- осы Науқан қағидасының 3-тармағына сәйкес келмейтін тұлғаларды;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе мақсаты Жұлдені негізсіз алу болып табылатын алаяқтық іс-әрекеттер жасағаны туралы күдік туғызған тұлғаларды Қатысушылар немесе Жеңімпаздар қатарынан алып тастауға құқылы.